

«ҚазТрансГаз» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Шоғыландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғыландырылған есеп.....	1-2
Жиынтық кіріс туралы шоғыландырылған есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғыландырылған есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғыландырылған есеп	5
Шоғыландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	6-58

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

Пікір

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі «БХЭСК Кодексі») (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз қорытындымыздың «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Өтелуге жататын ҚҚС

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың газды ішкі нарықта артық өткізуінен пайда болған 145 миллиард теңге мөлшерінде өтелуге жататын ҚҚС-тың айтарлықтай балансы бар. Бұл активтің өтелімділігін бағалау газды ішкі нарықта өткізуге арналған реттелетін бағалардың келешек өсіміне қатысты елеулі пікірлер мен жорамалдарды қажет етеді, ол Топқа газды ішкі нарықта өткізуден түсетін пайданы түрлендіруге мүмкіндік береді, соның салдарынан төленуге жататын ҚҚС өтелуге жататын ҚҚС сомасына қарсы есепке алынады. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады.

Өтелуге жататын ҚҚС-пен байланысты ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 9-ескертпесінде ашылып көрсетіледі.

Біз өтелуге жататын ҚҚС сомасын есепке алу үшін ескіру мерзіміне қатысты Салық кодексі ережелерінің түсінігін алдық. Біз Басшылықтың газды ішкі нарықта өткізуге арналған тарифтерді өсіруге бағытталған шараларға қатысты жоспарларын және салдарынан газды ішкі нарықта өткізуден болған оң маржаның пайда болуын сараладық. Біз Топтың газды ішкі нарықта өткізуден болатын оң маржаны болжайтын газдың ішкі нарықтағы бағасын есептеу әдістемесін қайта қарауға қатысты Ұлттық Экономика Министрлігімен болған хат алмасуды зерделедік. Біз Басшылық жоспарларының Бас компания Тобының Даму Стратегиясына сәйкестігін бағаладық.

Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Біз бұл мәселе аудиторлық тексеруде барынша маңызды мәселелердің бірі деп есептейміз, өйткені газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің есебі келешек шығындарды бағалаудағы қиындықтарға тән болатын және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін бұл міндеттеменің маңыздылығына орай елеулі пайымдауды қажет етеді. Топтың газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру резервіне қатысты есептеуіне таратуға және дисконт мөлшерлемелеріне күтілетін тәсілдің әсері, инфляция үрдістерінің өзгеруінен болған

Біздің аудиторлық процедураларымызға шарттық келісімдердің, тиісті жергілікті заңнаманың және қолданыстағы іскерлік практиканың негізінде тарату процесіне қатысты заңгерлік және конструктивтік міндеттемелердің түсінігін алу кіреді. Біз Топ келешек шығындарды бағалау үшін тартқан сарапшылардың құзырлығы мен объективтілігін қарастырдық. Біз есептеулерді зерделеп, пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі мен инфляция деңгейін бағаладық.

әсермен қатар жергілікті заңнамадағы өзгерістердің әсері кіреді.

Газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру резервімен байланысты ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2 және 17-ескертпелерінде келтірілген.

Несиелік шарттық міндеттемелерді орындау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ белгілі бір көрсеткіштерді сақтауы және орындауы тиіс. Көрсеткіштердің бұзылуы едәуір айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады, сонымен қатар, қарыздар кредитордың талабымен өтелуге жататындарға айнала алады. Сонымен қатар, Топтың несие келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ереже қолданылады. Көрсеткіштерді сақтау аудиторлық тексеруде барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі несиелік келісімдер бойынша міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпал етеді.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделедік. Біз қаржылық көрсеткіштерді сақтау есептеулерінде қолданылған деректерді шоғырландырылған қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер есептеулерінің арифметикалық дәлдігін бағаладық.

Несиелік шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 15-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Топтың 2019 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2019 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол бойынша біздің аудиторлық қорытындымыз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2019 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған алдын ала қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін.

- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз.
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз.
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оған барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер



Айгерим Нуркенова
Аудитор

Аудитордың 2012 жылғы 21 қыркүйектегі
№. МФ-0000115 біліктілік күәлігі



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 № 0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 19 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсанға	
		2019 жылғы	2018 жылғы
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	4	1.010.615.001	990.553.112
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		2.380.581	–
Барлау және бағалау бойынша активтер	5	13.205.928	11.839.832
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		5.844.600	–
Материалдық емес активтер		6.438.798	5.695.763
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	251.686.117	21.899.371
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	7	63.069.539	8.733.969
Байланысты тараптарға қарыздар	8	153.713.982	154.926.469
Айналымнан тыс қаржы активтері		–	2.373.194
Өтелуге жататын ҚҚС	9	112.727.868	92.910.112
Кейінге қалдырылған салық активтері	25	1.123.147	189.372
Басқа да айналымнан тыс активтер		288.626	375.136
Банк салымдары		4.849.666	4.611.916
		1.625.943.853	1.294.108.246
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	11	51.383.634	60.257.659
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	12	197.118.788	126.884.462
Байланысты тараптарға қарыздар	8	48.954.842	71.392.215
Берілген аванстар	7	22.270.284	5.655.622
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	9	18.060.252	10.651.416
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		15.308.719	20.728.947
Басқа да айналымдағы активтер		277.237	637.169
Банк салымдары		22.130	39.212
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10	114.165.359	151.155.747
		467.561.245	447.402.449
Активтердің жиыны		2.093.505.098	1.741.510.695

6-58 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2019 жылғы	2018 жылғы
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	192.623.055	192.623.055
Қосымша төленген капитал	13	250.384.811	249.044.991
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		546.149	546.149
Бөлінбеген пайда		693.053.481	358.270.270
		1.136.607.496	800.484.465
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	290.599.631	291.626.098
Пайыздық қарыздар	15	168.818.330	181.478.932
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	16	10.549.245	9.905.541
Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер		1.380.004	1.715.974
Резервтер	17	75.002.136	60.764.700
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		7.870.403	2.128.487
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		7.838.881	8.111.532
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	25	51.344.780	51.828.912
		613.403.410	607.560.176
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	3.406.541	3.420.482
Пайыздық қарыздар	15	24.519.363	31.105.703
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	16	183.047	26.198.509
Резервтер	17	28.300.393	34.582.390
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	18	256.621.128	209.375.852
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар		2.490.749	3.219.598
Шарт бойынша міндеттемелер		5.550.806	9.066.269
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		8.203.073	3.420.675
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	19	14.219.092	13.076.576
		343.494.192	333.466.054
Капитал мен міндеттемелер жиыны		2.093.505.098	1.741.510.695

Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары



Т.Ж. Жанұзақ

Бас бухгалтер

Б.Н. Мельдеханов

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2019 жылғы	2018 жылғы
Өткізуден түскен кірістер	20	1.103.074.989	921.179.600
Сатудың өзіндік құны	21	(884.931.789)	(678.104.234)
Жалпы пайда		218.143.200	243.075.366
Жалпы және әкімшілік шығыстар	22	(42.337.724)	(26.153.670)
Күтілетін несие залалдары бойынша резервті қайтару		743.692	1.349.077
Басқа да операциялық кірістер	23	10.131.277	4.767.720
Басқа да операциялық шығыстар	23	(6.960.786)	(14.604.064)
Операциялық пайда		179.719.659	208.434.429
Қатысу үлесін сатудан түскен кіріс	2	-	15.109.842
Қаржылық кіріс	24	17.251.183	13.884.999
Қаржылық шығындар	24	(43.581.420)	(38.977.393)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	6	224.244.892	16.748.976
Теріс бағамдық айырма, нетто		(3.382.641)	(11.560.507)
Салық салынғанға дейінгі пайда		374.251.673	203.640.346
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	(39.916.824)	(47.665.288)
Бір жылғы таза пайда		334.334.849	155.975.058
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)		448.362	(208.970)
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын жиынтық кіріс			
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық кіріс/(залал)		560.454	(261.212)
Табыс салығы бойынша (шығыстардың)/үнемділіктің әсері	25	(112.092)	52.242
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс/(залал)		448.362	(208.970)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		334.783.211	155.766.088
Акцияға пайда			
Бас компанияға келетін жылғы акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	13	0,95	0,44

Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары



Т.Ж. Жанұзақ

Бас бухгалтер

Б.Н. Мельдеханов

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2019 жылғы	2018 жылғы
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Клиенттерден түсімдер		1.073.102.900	996.665.350
Алынған сыйақы		10.285.635	7.191.299
Басқарушы қаламақысы бойынша ақшалай түсімдер		-	14.180.776
Бюджеттен салықтарды қайтару		20.668.920	4.807.244
Басқа да түсімдер		1.819.003	989.364
Өнім жеткізушілерге төлемдер		(834.616.421)	(695.365.711)
Төленген табыс салығы		(38.343.213)	(35.521.315)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(43.007.504)	(36.516.476)
Төленген пайыздар		(32.089.049)	(29.826.155)
Жұмыскерлерге төлемдер		(44.047.914)	(41.394.834)
Басқа да төлемдер		(4.900.769)	(6.364.913)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		108.871.588	178.844.629
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Қатысу үлесін сатудан түскен түсімдер	2	-	14.472.800
Банк депозиттерін қайтару		1.272.154	1.145.123
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен ақша қаражатының түсімдері		32.657.029	275.258
Байланысты тарап өтеген қарыздар	8	25.500.000	16.294.978
Алынған дивидендтер	6	39.000	35.000
Бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер	3	-	13.910.001
Банк салымдарын орналастыру		(1.111.682)	(368.707)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтер мен барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу		(150.312.484)	(120.941.399)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	8	-	(11.032.435)
Бағалы қағаздарды сатып алу	3	-	(13.910.001)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(91.955.983)	(100.119.382)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Пайыздық қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	14, 15, 28	26.017.440	115.019.917
Пайыздық қарыздарды және шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	14, 15, 28	(44.694.185)	(55.504.846)
Байланысты тараптан алынған қарыздарды өтеу	16, 28	(25.321.800)	(18.983.228)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(2.215.889)	-
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия		-	(786.120)
Акционермен операциялар бойынша басқа да төлемдер	17	(5.700.000)	-
Қаржылық қызметтен болған таза ақша ағындары		(51.914.434)	39.745.723
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма		(1.991.559)	8.709.898
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(36.990.388)	127.180.868
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	151.155.747	23.974.879
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	114.165.359	151.155.747

Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары

Т.Ж. Жанұзақ

Бас бухгалтер

Б.Н. Мелдеханов

6-58 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға	192.623.055	243.148.277	546.149	210.707.808	647.025.289
9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері	-	-	-	(2.503.626)	(2.503.626)
2018 жылғы 1 қаңтарға	192.623.055	243.148.277	546.149	208.204.182	644.521.663
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	155.975.058	155.975.058
Бір жылғы басқа да жиынтық залал	-	-	-	(208.970)	(208.970)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	155.766.088	155.766.088
Акционерден болған жарна (13-ескертпе)	-	5.906.463	-	-	5.906.463
Акционермен басқа да операциялар (13-ескертпе)	-	(9.749)	-	(5.700.000)	(5.709.749)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	192.623.055	249.044.991	546.149	358.270.270	800.484.465
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	334.334.849	334.334.849
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	448.362	448.362
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	334.783.211	334.783.211
Акционерден болған жарна (13 және 16-ескертпелер)	-	1.339.820	-	-	1.339.820
2019 жылғы 31 желтоқсанға	192.623.055	250.384.811	546.149	693.053.481	1.136.607.496

Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары



Г.Ж. Жанұзақ

Бас бухгалтер

Б.Н. Мелдеханов

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания» немесе «ҚТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі мәтін бойынша бірлесіп – «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді (2-ескертпе).

«ҚТГ» Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ (бұдан әрі «ҚазМұнайГаз») «ҚТГ»-ның жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет ҚазМұнайГаз-дың 90%-зы минус 1 (бір) акциясына иелік етеді және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады (2б-ескертпе).

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «ҚТГ» газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына қатысу.

Топтың операциялық қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені Топ газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу саласында монополист болып табылады. Заңға сай, Топтың газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу бойынша тарифтерін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және қорғау жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.

2019 жылғы 31 желтоқсанға Топтың Қазақстан Республикасы энергетикасының Вице-министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының бірлескен бұйрығымен бекітілген 2016-2021 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалар бойынша 52.124.843 мың теңге (2018 жыл: 62.558.109 мың теңге) сомаға міндеттемелері бар. Бұл бағдарламаны іске асыру нәтижелері болашақ тарифтерге ықпал ете алады. 2019 жылғы 31 желтоқсанға Топ жасалған түзетулерді ескере отырып бекітілген инвестициялық бағдарлама бойынша өз міндеттемелерін орындайды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары мен бас бухгалтер 2020 жылғы 19 ақпанда шығаруға бекітті.

Көмірсутектерді барлау және өндіру

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айрақты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі – «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. Топ 2003 жылдың қарашасында Аманкелді газ кен орнында және 2014 жылдың желтоқсанында Жарқұм кен орнында газды өндіруді әрі оны өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

Топтың қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХКЕС жөніндегі Кеңес) жариялаған редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, тарихи құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Еншілес ұйымдар соңғысының еншілес ұйымға бақылауды алған күнді білдіретін сатып алу күнінен бастап бас компания шоғырландырады және осындай бақылаудан айырылған күніне дейін шоғырландыруын жалғастырады. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топ ішлік қалдықтар, операциялар, жұмсалмаған кірістер мен шығыстар, ақша ағындары және дивидендтер толық алынып тасталған.

Бақылаудан айырылмастан еншілес компанияға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылау жасаудан айырылса, ол:

- еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде соған қатысты гудвилді);
- кез келген бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады;
- капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырманы тануды тоқтатады;
- алынған сыйақының әділ құнын мойындайды;
- қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды;
- операцияның нәтижесінде пайда болған табыс немесе шығын құрамындағы артық шығуды немесе дефицитті мойындайды;
- бұрын басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалған компоненттердегі бас компанияның үлесін табыстың немесе шығынның немесе нақты талаптарға сәйкес бөлінбеген табыстың құрамына қайта жіктейді.

Еншілес ұйымдар

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Атауы	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі	
			2019 жыл	2018 жыл
«Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА»)	Қазақстан	Газды тасымалдау және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету	100%	100%
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ»)	Қазақстан	Газды жергілікті қуат өндірушілерге, заңды және жеке тұлғаларға өткізу	100%	100%
«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС («ҚТГ Өнімдері»)	Қазақстан	Тасымалдау бойынша қызметтер	100%	100%
«Аманкелді Газ» ЖШС («Аманкелді Газ»)	Қазақстан	Табиғи газды және газ конденсатын өндіру	100%	100%
«КМГ Кансу Оперейтинг» ЖШС	Қазақстан	Табиғи газды және газ конденсатын барлау	100%	100%
«Интергаз Файнэнс Б.В.» («ИФБВ»)	Нидерландтар	Еурооблигацияларды шығару (борыштық қаражатты тарту)	100%	100%
«ҚазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ («КТГ Бишкек»)	Қырғызстан	«Бухараның газды ауданы-Ташкент- Бишкек-Алматы» магистральды газ құбырында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту	100%	100%

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)***Еншілес ұйымдар (жалғасы)*

2017 жылғы 31 желтоқсанға «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазТрансГаз Тбилиси» ЖШҚ-да («ҚТГ Тбилиси») меншік құқығының 100% иелік етеді. 2009 жылғы 16 наурызда Кутаисидің қалалық соты Компанияны «ҚТГ Тбилиси»-дің тиісті қызметін бағыттау мүмкіндігін беретін құқықтарды жүзеге асыру құқығынан айырды. Нәтижесінде, Компания «ҚТГ Тбилиси»-ге бақылау жасау мүмкіндігінен айырылып, бақылаудан айырылу күнінен бастап шоғырландыруды тоқтатты.

2018 жылғы 13 қыркүйекте Компания және Грузия Үкіметі дауды бейбіт жолмен реттеу туралы арбитраждық келісімге қолдарын қойды, соның нәтижесінде «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚТГ Тбилиси» акцияларының 100%-ын 15.109.600 мың теңгеге (баламасы 40.000 АҚШ доллары) сатты. 2018 жылғы 28 қыркүйекте Компания 14.472.800 мың теңге (баламасы 40.000 мың АҚШ доллары) мөлшерінде қатысу үлесін сатудан түскен түсімді алды.

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

Атауы	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Үлес, %	
			2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС («АГҚ»)	Қазақстан	Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ»)	Қазақстан	Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«АвтоГаз» ЖШС («АГ»)	Қазақстан	Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету	50%	50%

Топтың бірлескен кәсіпорындар нысанындағы бірлескен қызметке қатысу үлесі бар, онда бірлескен қызмет қатысушылары кәсіпорынның экономикалық қызметіне бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісімге кірді. Келісім бақылауды бөлетін тараптардың бірауызды келісімін қажет етеді. Бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды Топ үлестік қатысу әдісі бойынша ескереді.

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бастапқы құны бойынша оған Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорынның таза активтері үлесінде сатып алғаннан кейін туындаған өзгерістерді қоса ескеріледі. Бірлескен қызметке жататын гудвил инвестициялардың баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне дербес негізде тексерілмейді.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорын капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топ пен бірлескен кәсіпорын арасындағы операциялар кезінде туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар шоғырландыру кезінде Топтың бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар дәрежеде элиминацияланады.

Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол бірлескен кәсіпорын қатысушыларына келетін пайданы немесе залалды білдіреді және сондықтан бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы салық салуды және бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайда немесе залал ретінде айқындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)***Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)*

Бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін дайындалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалды тану қажеттігін айқындайды. Топ әр есепті күнге бірлескен кәсіпорынға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын бағалайды. Осындай айғақтар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның өтелген құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «бірлескен кәсіпорынның зиянындағы үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте таниды.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес компанияларды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардың арасында берілген еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте берген күнгі беретін компанияның (Алдыңғы иесі) есептілігінде көрсетілген олардың баланстық құны бойынша көрсетіледі. Бастамашыны бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвилл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер сатып алу елеулі деп қарастырылған жағдайда, онда салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың көпшілік кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («Теңге») берілді. Топ құрамындағы әрбір кәсіпорын өзінің функционалдық валютасын айқындайды және әр кәсіпорынның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар таңдалған функционалдық валютада өлшенеді.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда функционалдық валютада операция тану көрсеткіштерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын валютаның спот-бағамы бойынша есептейді. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын валюталық спот-бағам бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптарды есептеу немесе қайта есептеу бойынша туындайтын барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Ақшалай емес активтер мен міндеттемелер бастапқы құнды айқындау күніне қолданылатын бағам бойынша валютада бастапқы құны бойынша ескеріледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)***Топ компаниялары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басуа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

2019 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан қор биржасының валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңгеге тең болды. Бұл бағам 2019 жылғы 31 желтоқсандағы бағам бойынша АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2018 жылы: 1 АҚШ доллары үшін 384,20 теңге).

Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар келешекте жасалатын активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына қатысты едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Топтың есеп саясатын қолдану процесінде басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалған сомаларға едәуір ықпал ететін келесі пайымдауларды пайдаланды:

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық салық ұстанымдарының салаларына қатысты міндеттемелердің пайда болу ықтималдылығын ескереді, әрі соларға қатысты Топ салық органдарының есептеулері бойынша апелляцияларды бермейтіндігі мәлім немесе мұндай апелляциялардың шешімі сәтті болады деп есептемейді. Мұндай анықтау елеулі пайымдауларды жасауды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Салық тәуекелдері жөнінде барынша толығырақ ақпарат *27-ескертпеде* келтірілген.

Өтелуге жататын ҚҚС бойынша резерв

Топ өтелуге жататын ҚҚС сомасы күмәнді болып табылатындығына, бірақ жылына кем дегенде бір рет талдау жасап отырады. Өтелуге жататын ҚҚС күмәнді сомасы бойынша резерв басшылықтың салық салынуға жататын ҚҚС-тың келешек айналымдарына және ҚҚС-ты ақша қаражатымен қайтаруға қатысты үміттеріне негізделген. Топ бұдан әрі ҚҚС-тың қайтарылуына немесе есепке алынуына өз құқығын қорғай алатындығын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет. Барынша толық ақпарат *9-ескертпеде* келтірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық активтері*

Кейінге қалдырылған салық активтері алынуға жататын қарыздар, өткен жылдардың залалдары, күмәнді берешектің барлық резервтері, есептелген демалыстар және мынадай ықтималдық дәрежесінде басқа міндеттемелері бойынша барлық резервтер бойынша танылады, бұл салық салынатын уақытша айырмашылықтар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатына, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты қолдануға негізделетін болады. Қаржылық жағдай туралы есепте мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер бөлек ұсынылады, өйткені олар Топтың түрлі кәсіпорындарына жатады және салық заңнамасына сәйкес бір біріне қарсы есепке алына алмайды. Барынша толық ақпарат 25-ескертпеде көрсетілген.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады.

Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелін, несиелік тәуекелді және өзгермелілікті қамтиды. Бағалау мен пайымдаулардағы өзгерістер қаржы құралдарының әділ құнына ықпал ете алады.

Күтілетін несие залалдарына резерв

Басшылық клиенттердің қажетті төлемдерді жасау қабілетсіздігінің нәтижесінде туындайтын есепті залалдарды есепке алу үшін күмәнді берешек бойынша резервті қалыптастырады. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Қызметкерлерге сыйақы

Қызметкерлерге сыйақыларды беру құны актуарлық әдісті пайдалана отырып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі және өлім-жітім деңгейі туралы болжамдарды қамтиды. Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы міндеттеменің күтілетін қолданылу мерзіміне сәйкес келетін экстраполяцияланған өтеу мерзімдері бар мемлекеттік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін ескереді. Өлім-жітім деңгейі әрбір нақты елде ашық қолжетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Жалақы мөлшерінің келешек ұлғаюы әрбір нақты ел үшін инфляцияның күтілетін келешек үрдістеріне негізделеді.

Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылған негізгі актуарлық жорамалдар төменде көрсетілген:

	2019 жыл	2018 жыл
Дисконт мөлшерлемесі	8,44%	9,16%
Жалақының келешек өсуі	6,0%	6,4%
Өлім деңгейі	11,89%	12%

Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)***Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі*

Сенімгерлік басқару шарты бойынша басқарудағы негізгі құралдар бойынша толықтырулар немесе жетілдірулер Шарттың қолданылу кезеңіне қарамастан қалған пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімінің ішінде капиталдандырылады, амортизацияланады. Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер 8 ХБЕС «*Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге*» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

Негізгі құралдар мен газ активтерінің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдалану құндылығының есебі дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша қаражатының ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал келеді.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

«*Магистральдық құбыр туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау мен тарату және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңгерлік міндеттемелері бар. Атап айтқанда, Топтың міндеттемесі газ құбырларын бөлшектеумен және жер учаскелерінің құнарлығын қалпына келтірумен байланысты.

Міндеттемелер сомасы міндеттемелерді өтеу үшін қажет болады деп күтілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Ұңғыманы жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1-түсіндірмесіне сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі. Келешек шығындарды бағалау кезінде елеулі бағалаулар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Түпкілікті жабуға арналған шығындарға жатқызылатын айқындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ газ құбырларын келешекте жою, барлық пайдалану газ ұңғымаларын жабу және келісімшарттық аумақты рекультивациялау құнын ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орта мәнін пайдалана отырып бағалайды.

2019 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған инфляция мен дисконт мөлшерлемесінің ұзақ мерзімді үрдістері 5,49% және 8,44% (2018 жыл: 5,50% және 9,16%) болды. 2019 жылғы 31 желтоқсанға газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 72.448.140 мың теңге (2018 жыл: 58.838.287 мың теңге) болды. 2019 жылғы 31 желтоқсанға Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша ұңғымаларды жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 2.542.294 мың теңге (2018 жыл: 1.903.822 мың теңге) болды. Барынша толық ақпарат *17-ескерпнеде* келтірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет қолданатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер қолданылмайды немесе Топқа айтарлықтай әсерін тигізбейді:

- *«Қаржы құралдары: ақпаратты ашу. Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар»* 9 ХҚЕС-ке түзету;
- *«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»* 19 ХБЕС-ке түзетулер;
- *«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»* 28 ХБЕС-ке түзетулер;
- *«Бизнесті біріктіру»* 3 ХҚЕС (Жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар);
- *«Бірлескен қызмет туралы келісімдер»* 11 ХҚЕС (Жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар);
- *«Пайда салықтары»* 12 ХҚЕС (IAS) (Жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар).

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

Топ 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданды. Бухгалтерлік есептің бұл жаңа стандартын қабылдаудың нәтижесінде болған өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған. Кейбір басқа түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2019 жылы қолданылады, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

16 ХҚЕС *«Жалдау»* 17 ХБЕС-ті ауыстырады, 4 КРМФО *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* түсіндірмесі, 15 ПКР *«Операциялық жалдау – стимулдар»* түсіндірмесі және 27 ПКР *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып жалдау шарттарының көпшілігі үшін активтер мен міндеттемелерді ескеруін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер жалдауды 17 ХҚЕС (IAS) ұқсас қағидаттарды пайдалана отырып, операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеуді жалғастырады. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 2019 жылғы 1 қаңтарда бастапқы қолданылу күніне түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданды. Стандартқа өту кезінде Топ бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС пен 4 КИМСФО қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын айқындалған шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ақ Топ солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет қолданатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

2019 жылдың 1 қаңтарына қаржылық жағдай туралы есепке әсері:

<i>Мың теңгемен</i>	2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (аудит жүргізілген)	16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері	2019 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілмеген)
Активтер			
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	4.580.102	4.580.102
Берілген аванстар (қысқа мерзімді активтер)	5.655.622	(2.364.214)	3.291.408
Активтер жиыны	1.741.510.695	2.215.888	1.743.726.583
Меншікті капитал мен міндеттемелер			
Капитал			
Бөлінбеген пайда	358.270.270	-	358.270.270
Капиталдың жиыны	800.484.465	-	800.484.465
Міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	2.215.888	2.215.888
Капитал мен міндеттемелер жиыны	1.741.510.695	2.215.888	1.743.726.583

Төменде 16 ХҚЕС қабылданғаннан кейін Топтың жаңа есеп саясатында баяндалған.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Ол 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Топ әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Түсіндіру қабылданғаннан кейін Топ оның қандай да бір айқындалмаған салық позицияларының, әсіресе трансферттік баға белгілеуге қатысы бар позициялардың бар-жоғын қарастырды. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының түрлі юрисдикциялардағы салық есептілігіне трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерін даулай алады. Салықтық сәйкестікті және трансферттік баға белгілеуді зерделеудің негізінде Топ салық түсіндірмелерін салық органдары қабылдай алады (еншілес ұйымдарға қатысы барларды қоса) деген ықтималдылықты айқындады. Түсіндіру Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет қолданатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

Жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар

23 ХБЕС «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Топ көрсетілген түзетулерді Топ түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қарыздар бойынша шығындарға қатысты қолданады. Нәтижесінде, 2019 жылы Топ 2.525.199 мың теңге мөлшеріндегі қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың құрамына капиталдандырды.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ бұл жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр. Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер қолданылмайды немесе Топқа айтарлықтай әсерін тигізбейді:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету. Бизнесі айқындау» 3 ХҚЕС-ке түзету;
- «Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезеңнен кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Әділ құнды бағалау**

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі операцияның шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе жекелеген қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген (егер ондайлар болса) нақты құны бойынша бейнеленеді.

Топ ішінде құрылған материалдық емес активтер әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс ол туындаған есепті кезең үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтер олардың пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімінің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Материалдық емес активтер (жалғасы)**

Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қызмет етудің болжалды мерзімінің немесе болжалды құрылымының өзгерісі шоғырландырылған қаржылық есептілікте жағдайға байланысты амортизация кезеңінің немесе есептеу әдісінің өзгерісі ретінде көрінеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Материалдық емес активтің амортизациясына жұмсалатын шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады. Материалдық емес активтер бойынша амортизация келесі кестеде көрсетілген пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

	Жылдар саны
Бағдарламалық жасақтама	7
Басқасы	10

Материалдық емес активтің баланстан есептен шығарылуынан болатын пайда немесе залал активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті есептен шығару сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жиналған тозу мен құнсыздану бойынша жиналған шығындарды шегере отырып есептеледі. Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорт алымдары және өтелмейтін салықтар, егер мойындау шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзақ мерзімді активтердің құрылысына тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар, құрал-жабдықтың бөліктерін ауыстыру құны, сондай-ақ активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Күтілетін келешек экономикалық пайданың бастапқыда бағаланған көрсеткіштерінен артық (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. ұлғаюы) ұлғаюына әкеліп соқтыратын шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, елеулі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Негізгі құралдардың, газды емес активтердің тозуы (газ активтерінен басқа) төменде көрсетілгендей пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

	Жылдар саны
Ғимараттар мен құрылыстар	7-100
Газ көлік жүйесі	10-70
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-40
Көлік құралдары	5-30
Басқасы	3-20

Жерге арналған амортизация есептелмейді.

Негізгі құралдың объектісін және бастапқыда мойындалған кез келген едәуір бөлікті мойындауды тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Пайдаланудан шығару резерві Топ ғимаратты немесе құрал-жабдықты демонстрация және пайдаланудан шығару, ол орналасқан аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді көтергенде және мұндай резервтің көлемін негізді түрде бағалауға мүмкін болғанда ғана дисконтталған құны бойынша толық көлемде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Активтердің қалдық құны, пайдалану мерзімі және тозуын есептеу әдістері әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралып отырады және қажет болған кезде келесі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыстың амортизациясы мұндай активтердің құрылысы аяқталғанда және олар пайдалануға берілген уақытта басталады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын иемденгенге дейін болған шығындар

Жер қойнауын пайдалану келісімшарты жасалғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығыстарға жатқызылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығына шығындар

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, жер қойнауын пайдалану құқықтарының баланстық құны және тиісті объектілерді сатып алу шығындары есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») белгіленген кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың баланстық құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау шығындарымен бірігіп, газ активтеріне ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау бұрғылауына тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Бұл шығыстарға қызметкерлерге өтемақы, пайдаланылатын материалдар мен жағар майға шығындар, бұрғылау жабдығын жалдау және мердігерлерге төлемдер жатады. Егер қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Өйтпеген жағдайда шығындар есептен шығарылады. Газдың дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеуді жалғастыру шешімі қабылданғанда, тиісті шығындар құнсыздану бағаланғаннан кейін және құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін газ активтерінің құрамына аударылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар мен газ құбырлары сияқты мұндай инфрақұрылым объектілерінің құрылысымен, орнатумен немесе аяқтаумен байланысты шығыстар, сондай-ақ пайдалану ұңғымаларын бұрғылау, оған қоса сәтсіз пайдалану ұңғымалары немесе нобайын келтіретін ұңғымалар, газ кен орнының шеңберінде капиталға айналдырылады.

Газ активтері бойынша тозу және амортизация

Газ активтерінің тозуы, солардың тозуы тікжелілік әдіс бойынша есептелетін инфрақұрылым объектілерінен басқа, дәлелденген әзірленген газ қорларының негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Жалдау**

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

Топ жалға алушы ретінде

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

(а) Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен амортизацияланады.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топқа өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады.

(б) Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, Топ жалдау мерзімі түрлендірілген, өзгертілген, жалдау төлемдері өзгертілген немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалайды.

(в) Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан болған босатуды техника мен жабдықты қысқа мерзімді жалдау шарттарына қолданылады. Сондай-ақ Топ төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Инвестициялық жылжымайтын мүлік**

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Топ нақты шығындар бойынша есепке алу моделін қабылдағандықтан, алғаш рет танылғаннан кейін инвестициялық меншік «Негізгі құралдар» 16 ХҚЕС-те (IAS) баяндалған нақты шығындар бойынша есепке алу моделіне сәйкес ескеріледі, – жинақталған амортизацияны шегере отырып және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны. Амортизация 2-100 жыл пайдалы қызмет студің күтілетін қалған орта мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шыққан кезде не болмаса егер ол пайдаланудан шығарылса және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмесе, тоқтатылады. Шығудан туындайтын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма оны мойындау тоқтатылған кезеңде пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері бастапқыда танылған кезде кейіннен амортизацияланған құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір құрамдасын қамтымайтын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табымайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады:

Амортизациялық құны бойынша қаржы активтері

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зияндар активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында мойындалады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Мойындауды тоқтату*

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе Топ берілген активті ол өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындауын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КНЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Инвестициялық бағалы қағаздар

2018 жылдың ішінде Топ Қазақстан қор биржасында қысқа уақыт аралығына мемлекеттік және өзге де бағалы қағаздарды сатып алу үшін брокердің қызметтерін пайдаланып қалды және «репо» шарты бойынша жылдық 8,3% бастап 13,3% дейін мөлшерлеме бойынша 13.910.001 мың теңге жалпы сомаға кірістілікті қамтамасыз етті. Бағалы қағаздарды сақтау мерзімі 1 күннен 5 күнге дейін құрайды. Топ «репо» операциялары бойынша пайыздық кірісті 6.069 мың теңге мөлшерінде мойындады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал; несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады, ал қарыздар, тартылған қаражат пен кредиторлық берешек болған жағдайда, мәміле бойынша солармен тікелей байланысты шығындар шегере отырып.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Амортизациялық құны бойынша қаржылық міндеттемелер

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

Қаржылық кепілдік шарттары

Қаржылық кепілдік шарты соған сай кепілдікті беретін тарап бұл шарт бойынша бенефициарға белгілі бір борышкердің белгіленген мерзімде шарттың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес төлемді жасай алмауының салдарынан болған шығынды өтеу үшін белгілі бір соманы төлеуге міндеттенетін шарт деп аталады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде мойындалады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: 37 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есепті күнге (2018 жылдың 1 қаңтарына дейін) қолдағы міндеттемелерді өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағалануы немесе 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген (2018 жылдың 1 қаңтарынан кейін) күтілетін несие залалдары бойынша резервтер және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттемелердің бастапқыда мойындалған сомасы.

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал таза сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ Топтың нетто-негізде есеп айырысу ниеті не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқығы болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Тауар-материалдық қорлар**

Материалдар мен шикізат өзіндік құнының ең аз мәні және таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлардың құны ФИФО әдісінің негізінде әрбір қойма үшін бөлек ескеріледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (бұдан әрі – «ААЖБ») өтелетін құны, өткізу бойынша шығындарды шегере отырып, ААЖБ активінің әділ құнынан және оны пайдалану құнынан асады. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес кәсіпорындар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды.

Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір белгілерінің бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның мұндай қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктердегі және кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ 3 (үш) айдан аспайтын бастапқы өтеу мерзімі бар қысқа мерзімді банк салымдары кіреді.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен олардың баламалары жоғарыда көрсетілгендей ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

Резервтер

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарығын, сондай-ақ мүмкіндігінше, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)**

Пайдаланудан шығаруға резервтер Топтың жабдықты немесе тетікті демонстрацияда және көшіру бойынша және жабдық болған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервке пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болғанда дисконттау негізінде толық көлемде танылады. Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес айқындалған бағаланған келешек шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылады. Кейіннен, мұндай актив газ өндірістік активтері мен газкөлік жүйесі активтерінің шеңберінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

- (а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- (б) актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің теңгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету шығыстар ретінде дереу танылады; және
- (в) егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер мұндай белгі болса, Топ активті өтелетін құнды бағалау арқылы құнсыздану мәніне тестілеп, құнсызданудан болған кез келген залалды 36 ХБЕС-ке сәйкес ескереді.

Жарғылық капитал және дивидендтер

Жай акциялардан тұратын жарғылық капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңде меншікті капиталдың кемуі ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Акционердің қарауына қарай жүзеге асырылады. Дивидендтерді есепті күннен кейін жариялау 10 ХҚЕС-ке (IAS) сай «*Есепті күннен кейін болған оқиғалар*» бұдан кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және тиісінше ашылып көрсетіледі.

Кірістер мен шығыстарды тану

Клиенттермен шарттар бойынша түсім тауарларға немесе қызметтерге бақылау клиентке берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Түсім жанама салықтарды шегере отырып ескеріледі. Түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Тауарларды сату

Сатудан түскен кірістер сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда берілгеннен кейін танылады және әдетте орындалуға жататын бір міндеттеме жатады. Тауарларды өткізуден түскен кірістер уақыт өте танылады.

Қызметтерді көрсету

Топ атқару бойынша міндеттемелерді ай сайын орындайды және көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің негізінде газды тасымалдау қызметтерін көрсетуден және газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен түсімді мойындайды. Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын артықшылықтарды алады және пайдаланады деген талаппен уақыт өте мойындалады.

Басқару қызметтері

Топ «КазРосГаз» ЖШС-не дивидендтерді хабарландырудың негізінде белгілі бір уақыт сәтінде ҚазМұнайГаздың бірлескен кәсіпорны «КазРосГаз» ЖШС-ін басқаруға жататын басқару комиссиясын мойындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)***Пайыздар бойынша кіріс*

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер құрамына енгізіледі.

Дивидендтер

Топтың төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

Шығыстар

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме, егер сатып алушыдан төлем Топ тиісті тауарларды бермейінше немесе қызметтерді көрсетпейінше алынса немесе төленуге жататын болса (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай), танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда (яғни тиісті тауарларға немесе қызметтерге бақылауды сатып алушыға бергенде), түсім ретінде мойындалады.

Келешек кезеңдердің кірістері

Мемлекеттік органдардан, заңды немесе жеке тұлғалардан өтеусіз алынған негізгі құралдар келешек кезеңдердің кірістері ретінде оларды алу күніне әділ құны бойынша танылады. Келешек кезеңдердің кірістері солардың ішінде тиісті амортизация есептелетін бір немесе одан да көп есепті кезеңдердің кірістеріне бөлінеді.

Қарыздар бойынша шығындар

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады.

Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

Қызметкерлерге сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Директорлар кеңесі бекіткен Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы ұжымдық шартқа сәйкес ұзақ мерзімді сыйақыны ұсынады. Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау туралы ұжымдық шартта, атап айтқанда, демалыс күндеріне жәрдемақыларды; зейнеткердің немесе оның ерінің/зайыбының қайтыс болуына байланысты жәрдемақыларды; сауықтыруға арналған материалдық көмекті және санаторийге арналған жолдаманың құнын төлеу көзделген. Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақыларды ұсыну құны «болжанатын шартты бірлік» әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен залал басқа да жиынтық кірістер мен залалдар құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен залал актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмалардың бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қызметкерлерге сыйақылар (жалғасы)**

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты болдырмау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар ретінде көрсетіледі. Өлім-жітімге қатысты жорамал сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдары төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Ұйым басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

Мерзімі ұзартылған салық

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді немесе активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе залалға ықпал етпейді; және
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- есептен шығарылатын уақытша айырмаларға қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер компанияларды біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындағанда және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе залалға ықпал етпейді; және
- еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық бойынша активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салынатын табысты алу ықтимал болудан қалады деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша мойындалмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда мұндай активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдылық пайда болатын дәрежеде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Мерзімі ұзартылған салық (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті күнге заңдастырылған салық салу мөлшерлемелеріне (салық салу туралы заңға) сүйене отырып міндеттемені реттеу немесе активті өткізу кезеңінің ішінде қолданылады деп күтілетін мөлшерлеме бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не болмаса жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте немесе тікелей капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және мерзімі ұзартылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі – «ҚҚС»)

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

Төленуге жататын ҚҚС

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомадан есептен шығарылады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылғанда, құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

Алынуға жататын ҚҚС

Алынуға жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Кірісті өткізілуі күмән келтірмегенде, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оның мойындалуы негізделген болып табылады.

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды. Егер экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың ағып кету ықтималдығы аз болып табылмаса, шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті күнге Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті кезең аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмаған оқиғалар, егер олар елеулі болса, есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жер	Газ активтері	Үйлер мен ғимараттар	Газ көлік жүйесі	Құрал-жабдық	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн									
2017 жылғы 31 желтоқсан	1.232.202	38.415.716	83.038.215	629.568.007	251.428.529	22.177.168	9.009.901	31.728.695	1.066.598.433
Түсімдер	286	1.764.251	15.897	5.131.050	880.598	346.982	173.922	144.953.001	153.265.987
Бағалаудағы өзгеріс (17-ескертпе)	-	(124.482)	-	3.874.683	-	-	-	-	3.750.201
Басқа да айналым активтеріне аудару	(44.440)	-	(273.000)	(2.401)	(57.547)	(52.610)	-	-	(429.998)
Аударымдар	-	-	2.392.704	18.201.889	12.512.151	78.889	196.610	(33.382.243)	-
Есептен шығару	(465.221)	(20.993)	(1.805.904)	(1.488.830)	(1.271.145)	(517.319)	(1.001.710)	(1.739.672)	(8.310.794)
2018 жылғы 31 желтоқсан	722.827	40.034.492	83.367.912	655.284.398	263.492.586	22.033.110	8.378.723	141.559.781	1.214.873.829
Түсімдер	48.375	3.147.572	329.928	568.233	2.882.203	283.354	104.131	70.892.761	78.256.557
Бағалаудағы өзгеріс (17-ескертпе)	-	400.288	-	7.988.125	-	-	-	-	8.388.413
Басқа да айналым активтеріне аудару	-	-	(10.941.182)	-	(20.252.978)	-	(68.358)	-	(31.262.518)
Аударымдар	194	(1.015)	25.658.891	22.516.879	127.742.765	98.068	370.351	(176.386.133)	-
Есептен шығару	(76.450)	(2.654)	(176.427)	(680.723)	(343.525)	(113.211)	(354.392)	(399.091)	(2.146.473)
2019 жылғы 31 желтоқсан	694.946	43.578.683	98.239.122	685.676.912	373.521.051	22.301.321	8.430.455	35.667.318	1.268.109.808
Жинақталған тозу және құнсыздану									
2017 жылғы 31 желтоқсан	-	(9.693.881)	(12.689.469)	(83.630.455)	(61.206.032)	(15.092.403)	(5.406.031)	(5.297.792)	(193.016.063)
Бір жылға есептеу	-	(1.667.813)	(2.961.309)	(16.723.669)	(11.330.942)	(1.251.915)	(583.469)	-	(34.519.117)
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану резерві)	(165.486)	-	(527.067)	-	(88.210)	-	-	337.328	(443.435)
Басқа да айналым активтеріне аудару	-	-	12.421	-	11.716	-	-	-	24.137
Аударымдар	-	-	(34.048)	392	33.379	1.139	(862)	-	-
Есептен шығару	-	17.176	257.796	1.291.332	937.729	467.058	662.670	-	3.633.761
2018 жылғы 31 желтоқсан	(165.486)	(11.344.518)	(15.941.676)	(99.062.400)	(71.642.360)	(15.876.121)	(5.327.692)	(4.960.464)	(224.320.717)
Бір жылға есептеу	-	(1.274.349)	(3.365.450)	(17.210.839)	(14.470.945)	(1.243.589)	(419.498)	-	(37.984.670)
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану резерві)	107.474	-	527.067	-	94.004	(2.343)	-	260.773	986.975
Басқа да айналым активтеріне аудару	-	-	573.738	-	2.090.302	-	12.549	-	2.676.589
Аударымдар	-	(214)	(30.629)	(17.049)	47.723	-	169	-	-
Есептен шығару	58.012	2.228	25.450	339.163	310.348	70.385	341.430	-	1.147.016
2019 жылғы 31 желтоқсан	-	(12.616.853)	(18.211.500)	(115.951.125)	(83.570.928)	(17.051.668)	(5.393.042)	(4.699.691)	(257.494.807)
Қалдық құны									
2018 жылғы 31 желтоқсан	557.341	28.689.974	67.426.236	556.221.998	191.850.226	6.156.989	3.051.031	136.599.317	990.553.112
2019 жылғы 31 желтоқсан	694.946	30.961.830	80.027.622	569.725.787	289.950.123	5.249.653	3.037.413	30.967.627	1.010.615.001

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Аяқталмаған құрылыс***Түсімдер*

2019 жылы аяқталмаған құрылысқа қосымша түсімдер негізінен 22.114.351 мың теңге мөлшерінде кешенді жұмыстардың және газ компрессорлық станцияларды салудың, 11.662.549 мың теңге мөлшерінде жобалық әзірлеумен бірге жинақ пункттерін қайта құрудың және салудың, 10.891.370 мың теңгеге құбырларды күрделі жөндеудің және диагностикалаудың, 9.099.275 мың теңгеге сығатын компрессорлық станцияның екінші және үшінші іске қосу кешені құрылысының, 5.714.287 мың теңгеге газ компрессорлық станцияларда іске қосу жұмыстарының және 1.526.821 мың теңгеге ПХГ объектілерін жаңғыртудың және күрделі жөндеудің шығындарымен байланысты.

Аударымдар

Пайдаланудағы негізгі құралдардың едәуір бөлігі жоғарыда аталған құрылыс жұмыстарының аяқталуымен және пайдалануға тиісті негізгі құралдар объектілерін берумен байланысты болды.

Сатуға арналған активтерге аударым

2019 жылы Топ 28.585.929 мың теңге таза баланстық құны бар «Қараөзек» газ компрессорлық станцияны және тиісті негізгі құралдарды сату үшін ұсталатын активтер ретінде жіктеді. 2019 жылғы 11 қарашада Топ «Қараөзек» газ компрессорлық станцияны 32.695.630 мың теңгеге «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не сатты.

Басқасы

2019 жылғы 31 желтоқсанда пайдаланудағы өзін-өзі толық амортизациялаған негізгі құралдардың құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 18.122.998 мың теңгені құрады (2018 жылы: 17.641.864 мың тең).

2019 жылы Топ 2.525.199 мың теңге мөлшерінде қарыздар бойынша шығындарды активтердің құрылысымен байланысты негізгі құралдардың баланстық құнына капиталға айналдырды (2018 жыл: 4.673.298 мың теңге).

5. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР

Барлау және бағалау бойынша активтерге келесілер кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	Материалдық активтер
2017 жылғы 31 желтоқсанға	12.051.402
Түсімдер	3.435.740
Құнсыздану	(3.647.310)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	11.839.832
Түсімдер	1.537.062
Құнсыздану	(170.966)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	13.205.928

Барлау және бағалау бойынша активтер келесі жобалармен білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Сұлтанқұдық	4.958.942	4.950.657
Анабай	4.894.775	3.753.922
Шерубайнұр	2.160.762	2.066.562
Қосқұдық	427.183	427.183
Бархан	330.041	308.475
Молдыбай	169.499	110.887
Басқа	264.726	222.146
	13.205.928	11.839.832

«Қансу» келісімшарттың 2019 жылы жоспарланған қайтарылуына орай, Топ 170.966 мың теңге мөлшерінде (2018 жыл: 3.647.310 мың теңге) барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залалды мойындады (23-ескертпе).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы қаржылық ақпарат төменде келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	АГҚ	БШГ	АГ	Жиыны
2018 жылғы 31 желтоқсан	–	20.794.618	1.104.753	21.899.371
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес	214.542.479	56.193.596	(34.998)	270.701.077
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы танылмаған үлес	(46.015.703)	–	–	(46.015.703)
Бірлескен кәсіпорынның басқа да жиынтық залалындағы үлес	(440.482)	–	–	(440.482)
Топтың қаржылық кепілдікті мойындаудағы үлесі	–	5.580.854	–	5.580.854
Алынған дивидендтер	–	–	(39.000)	(39.000)
2019 жылғы 31 желтоқсан	168.086.294	82.569.068	1.030.755	251.686.117

<i>Мың теңгемен</i>	АГҚ	БШГ	АГ	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсан	–	4.084.722	1.100.673	5.185.395
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес	104.659.682	21.978.592	39.080	126.677.354
Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы танылмаған үлес	(104.659.682)	–	–	(104.659.682)
Бірлескен кәсіпорынның басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	1.006.413	–	–	1.006.413
Бірлескен кәсіпорынның басқа да жиынтық кірісіндегі мойындалмаған үлес	(1.006.413)	–	–	(1.006.413)
Алынған дивидендтер	–	–	(35.000)	(35.000)
Шоғырландыру түзетулері*	–	(5.268.696)	–	(5.268.696)
2018 жылғы 31 желтоқсан	–	20.794.618	1.104.753	21.899.371

* Шоғырландыру түзетуі БК негізгі құралдарының құрамындағы капиталдандырылған қарыздар бойынша, «ҚТГ» қаржылық кіріс ретінде мойындаған, «ҚТГ»-ден алынған қарыздар бойынша шығындардың есептен алынуын білдіреді.

АГҚ

Келесі кестеде Топтың АГҚ-ға салынған инвестициялары туралы жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп		
Айналымдағы активтер	578.071.867	548.678.667
Айналымнан тыс активтер	1.395.615.669	1.460.389.311
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(412.451.081)	(390.294.167)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(1.225.063.868)	(1.710.805.217)
Капитал/(дефицит)	336.172.587	(92.031.406)
Топтың иелік ету үлесі	50%	50%
9 ХҚЕС (IFRS) қолданудың әсері АГҚ	–	(2.649.069)
Инвестицияның баланстық құны	168.086.294	–
Капитал залалындағы жинақталған танылмаған үлес	–	(46.015.703)
Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп		
Түсім	785.250.282	766.661.140
Бір жылғы таза пайда	429.084.957	209.319.364
Бірлескен кәсіпорынның бір жылда болған пайдасындағы үлесі	214.542.479	–
Бір жылғы басқа да жиынтық (зиян)/кіріс	(880.964)	2.012.826
Бір жылғы басқа да жиынтық залалдағы үлес	(440.482)	–

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫҢДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****БШГ**

Келесі кестеде Топтың БШГ-ға салынған инвестициялары туралы жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп		
Айналымдағы активтер	171.410.962	198.892.090
Айналымнан тыс активтер	490.950.460	452.239.989
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(145.277.275)	(104.497.970)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(354.710.593)	(496.647.747)
Капитал	162.373.554	49.986.362
Топтың иелік ету үлесі	50%	50%
Капиталдағы үлес	81.186.777	24.993.181
Топтың берілген қаржылық кепілдіктің әділ құнындағы үлесі	6.650.987	1.070.133
Шоғырландыру түзетулері	(5.268.696)	(5.268.696)
Инвестицияның баланстық құны	82.569.068	20.794.618
Капитал залалындағы жинақталған танылмаған үлес	-	-
Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп		
Түсім	172.893.535	150.792.512
Бір жылғы таза пайда	112.387.192	43.957.184
Бірлескен кәсіпорынның бір жылда болған пайдасындағы үлесі	56.193.596	21.978.592
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-
Қосымша инвестиция		
Берілген қаржылық кепілдіктің әділ құны	13.301.974	2.140.266
Топтың берілген қаржылық кепілдіктің әділ құнындағы үлесі	6.650.987	1.070.133

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына БШГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

АГ

Келесі кестеде Топтың АГ-ға салынған инвестициялары туралы жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп		
Айналымдағы активтер	512.691	545.229
Айналымнан тыс активтер	1.640.630	1.754.626
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(86.683)	(90.349)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(5.128)	-
Капитал	2.061.510	2.209.506
Топтың иелік ету үлесі	50%	50%
Инвестицияның баланстық құны	1.030.755	1.104.753
Капитал залалындағы жинақталған танылмаған үлес	-	-
Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп		
Түсім	693.310	1.242.880
Бір жылғы таза (залал)/пайда	(69.996)	78.160
Бірлескен кәсіпорынның бір жылда болған пайдасындағы/ (залалындағы) үлесі	(34.998)	39.080
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР**

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		
Үшінші тараптарға берілген аванстар	61.609.961	9.003.613
Байланысты тараптарға берілген аванстар (26-ескертіле)	1.735.065	5.843
Ықтимал орындалмау резервін шегере отырып	(275.487)	(275.487)
	63.069.539	8.733.969
Қысқа мерзімді активтер мен қызметтер үшін берілген аванстар		
Үшінші тараптарға берілген аванстар	14.643.625	4.162.500
Байланысты тараптарға берілген аванстар (26-ескертіле)	7.636.512	1.502.935
Ықтимал орындалмау резервін шегере отырып	(9.853)	(9.813)
	22.270.284	5.655.622

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үшінші тараптарға ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстарға негізінен 57.652.374 мың теңге мөлшерінде жобалық әзірлеумен газ компрессорлық станцияны салуға және газ өлшейтін станциялар мен вахталық поселкелерді салуға арналған аванстар және 2.211.562 мың теңге мөлшерінде газ құбырларын күрделі жөндеуге арналған аванстар жатады.

8. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПҚА ҚАРЫЗДАР

2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздарға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Амортизациялық құны бойынша қаржы активтері		
Байланысты тарапқа берілген пайыздық қарыздар	154.652.228	155.864.715
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Байланысты тарапқа берілген пайызсыз қарыздар	46.781.119	71.392.215
Плюсы: алынуға жататын пайыздар	2.173.723	–
Минусы: құнсыздану	(938.246)	(938.246)
	202.668.824	226.318.684
Қысқа мерзімді бөлікті шегергенде (26-ескертіле)	(48.954.842)	(71.392.215)
Ұзақ мерзімді бөлік (26-ескертіле)	153.713.982	154.926.469

Пайыздық қарыздар

2017 жылғы қыркүйекте Компания Қытайдың Даму Банкімен, Қытай Лимитед Банкімен және Қытай (Гонконг) Лимитед Банкімен жасалған несие келісімі бойынша БШГ алған банк қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеу үшін жылдық 5,5% пайыздық мөлшерлеменен 133.716.000 мың теңге (баламасы 400.000 мың АҚШ доллары) мөлшерінде сомасында БШГ-ға қарыз берді. Қарызды өтеу күні – 2029 жылғы 31 тамыз.

2018 жылдың ішінде БШГ 4.284.049 мың теңге мөлшерінде негізгі соманы өтеді (2019 жылы: нөл).

Пайызсыз қарыздар*БШГ*

2014-2018 жылдар аралығындағы кезеңде Компания БШГ-ға 79.999.386 мың теңге мөлшерінде (2019 жыл: нөл) пайызсыз қарыз берді. 2019 жылы БШГ 25.500.000 мың теңге мөлшерінде (2018 жылы: 4.238.929 мың теңге) несие келісімі бойынша берешектің негізгі сомасын төледі.

2019 жылы Компания БШГ-ға берілген қалған қарыздардың күтілетін өтеу күнін қайта қарады. Нәтижесінде өтеу мерзімі 2020 жылғы 31 наурызға дейін ұзартылды. Оның қысқа мерзімді сипатының салдарынан байланысты тарапқа пайызсыз қарыздардың баланстық құны шамамен оның әділ құнына тең.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПҚА ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Пайызсыз қарыздар (жалғасы)***«КазРосГаз» ЖШС*

2018 жылы Компания 7.772.000 мың теңге (2019 жылы: нөл) мөлшерінде «КазРосГаз» ЖШ-не талап ету бойынша өтелетін пайызсыз қарыз берді. Пайызсыз негізде берілетін қарыздың әділ құны жылдық 13% мөлшеріндегі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып қарыз бойынша келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалады. 881.951 мың теңге мөлшерінде пайызсыз қарыз бойынша тиісті дисконт қаржылық шығыстар құрамында танылды (24-ескертіне). 2018 жылдың ішінде «КазРосГаз» ЖШС қарыз бойынша берешектің негізгі сомасын толығымен өтеді. 2018 жылы қарыз бойынша дисконт амортизациясы 881.951 мың теңге болды (24-ескертіне).

9. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС ЖӘНЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Өтелуге жататын ҚҚС	145.070.407	108.962.360
Мүлікке салынатын салық	609.872	519.921
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	132.800	77.257
	145.813.079	109.559.538
Минусы: орны толмайтын ҚҚС бойынша резерв	(15.024.959)	(5.998.010)
	130.788.120	103.561.528
Ұзақ мерзімді бөлік	112.727.868	92.910.112
Қысқа мерзімді бөлік	18.060.252	10.651.416

Орны толмайтын ҚҚС бойынша резервтегі өзгерістер былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жеке негіздегі құнсыздану
2017 жылғы 31 желтоқсанға	(9.381.491)
Бір жылға есептеу	(9.962)
Пайдаланылды	3.393.443
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(5.998.010)
Бір жылға есептеу	(9.885.731)
Пайдаланылды	858.782
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(15.024.959)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелуге жататын ҚҚС сомасы 145.070.407 мың теңге болды, оның ішінде газды ішкі нарықта шығынды өткізуден болған өтелуге жататын ҚҚС. Газды ішкі нарықта шығынды өткізуден болған өтелуге жататын ҚҚС сомасына қатысты Топ келешекте өтелуге жататын ҚҚС сомасын есепке алу үшін жеткілікті болатындай төленуге жататын ҚҚС сомасын қамтамасыз ету үшін тарифтердің ішкі нарықта өсуіне қол жеткізу үшін Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігімен жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының Салық кодексі өтелуге жататын ҚҚС сомасын есепке алуға арналған кезеңді шектемейтіндіктен, Топ ішкі нарықта өткізуден болған ҚҚС сомасының толық көлемде өтелуін күтіп отыр.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Теңгемен банк шоттары	62.244.294	30.336.860
Шетел валютасындағы банк шоттары	46.631.387	18.281.989
Теңгемен салымдар	5.264.985	29.876.666
АҚШ долларындағы депозиттер	-	72.613.800
Жолдағы ақша қаражаты	19.815	41.777
Кассадағы қолма-қол ақша	4.878	4.655
	114.165.359	151.155.747

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 7-7,5% (2018 жыл: 7-7,5%) және шетел валютасында жылдық нөл пайыз (2019 жыл: 2,45%) етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылды. 2018 жылы ақша қаражаты банктердің ағымдағы шоттарында теңгемен жылдық 0,1-7,5% (2019 жыл: нөл) және шетел валютасында жылдық 0,1% (2019 жыл: нөл) етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылды.

11. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Газ қорлары (құны бойынша)	49.492.476	57.670.369
Материалдар мен қорлар (сатып алу құнының ең азы және өткізудің таза құны)	1.891.158	2.587.290
	51.383.634	60.257.659

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

12. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Үшінші тараптардан сауда дебиторлық берешек	182.321.478	116.078.919
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (26-ескертпе)	18.964.621	13.634.299
Басқа да дебиторлық берешек	2.766.823	2.608.508
	204.052.922	132.321.726
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	(6.934.134)	(5.437.264)
	197.118.788	126.884.462

Күтілетін несие залалдарының резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жеке негіздегі құнсыздану
2017 жылғы 31 желтоқсанға	(6.559.803)
Бір жылға есептеу	(3.193.009)
9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері	(756.354)
Шетел валюталарын қайта есептеу	(401.832)
Пайдаланылды	339.928
Қалпына келтірілгені	5.133.806
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(5.437.264)
Бір жылға есептеу	(6.917.213)
Шетел валютасын қайта есептеу	15.598
Пайдаланылды	299.056
Қалпына келтірілгені	5.105.689
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(6.934.134)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)**

31 желтоқсанға сауда және басқа да дебиторлық берешекті төлеу мерзімдері жөніндегі талдау былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Жиыны	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				
			30 күннен кем	30-60 күн	60-90 күн	90-120 күн	<120 күн
2019 жыл	197.118.788	184.152.397	6.628.038	2.239.617	478.477	313.383	3.306.876
2018 жыл	126.884.462	114.219.182	7.931.178	784.503	1.378.327	266.553	2.304.719

31 желтоқсанға сауда және басқа да дебиторлық берешек келесі валюталарда деноминацияланды:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
АҚШ Доллары	134.065.346	71.147.747
Теңге	63.053.442	55.736.715
	197.118.788	126.884.462

Сауда және басқа да дебиторлық берешек пайызсыз болып табылады.

13. КАПИТАЛ

	Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны)				Жиыны жарғылық капитал мың теңгемен
	Номиналды құны 100 теңге	Номиналды құны 138 теңге	Номиналды құны 2.500 теңге	Номиналды құны 10.000 теңге	
2019 жылғы 31 желтоқсанға	312.167.670	1	30.976.655	8.396.465	192.623.055
2018 жылғы 31 желтоқсанға	312.167.670	1	30.976.655	8.396.465	192.623.055

Жай акциялар оларың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің қарауына қарай төленеді. 2019 және 2018 жылдары Топ дивидендтерді төлеген жоқ.

Акцияның баланстық құны

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Активтер жиыны	2.093.505.098	1.741.510.695
Минусы: материалдық емес активтер	(6.438.798)	(5.695.763)
Минусы: жалпы міндеттемелер	(956.897.602)	(941.026.230)
Жай акциялар үшін таза активтер	1.130.168.698	794.788.702
Жай акциялардың саны	351.540.791	351.540.791
Жай акцияның баланстық құны, мың теңгемен	3,215	2,261

«Қазақстан қор биржасы» АҚ («ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

Акцияға пайда

Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі таза кірісті кезең ішінде айналыста болатын акциялардың санына бөлу арқылы есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. КАПИТАЛ (жалғасы)****Акцияға пайда (жалғасы)**

Келесі кестеде аяқталған есепті кезеңдер үшін акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған кірістер пен акциялар туралы деректер келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін акционерге тиесілі таза кіріс	334.334.849	155.975.058
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	351.540.791	351.540.791
Бас компанияға келетін кезеңдегі акцияға арналған базалық және бөлінген пайда (мың теңгемен)	0,95	0,44

Қосымша төленген капитал

2019 жылы Топ 1.339.820 мың теңге (2018 жылы: 1.792.694 мың теңге) мөлшерінде «ҚазМұнайГаз» компаниясы берген қарыз бойынша дисконтқа қатысты қосымша төленген капиталды мойындады (*16-ескерпне*).

2018 жылы Топ Үкіметтен сенімгерлік басқару шарты бойынша беру күніне 4.113.769 мың теңге сомасына әділ құнымен газ-көлік жүйесімен білдірілген негізгі құралдарды алды (2019 жылы: нөл). Сенімгерлік басқару шарты бұл активтерге арналған құқық Компанияға берілмейінше қызмет ететін қысқа мерзімді механизм болып табылады. Топ бұл активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады, ол сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл мүлікке иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, Топ активтерді және қосымша төленген капиталдың ұлғаюын мойындады, әрі ол заңгерлік процедуралар аяқталғаннан кейін жарғылық капиталға қайта жіктеледі.

«ИОА» «ҚазМұнайГаз»-бен жасалған Сенімгерлік басқару шартының талаптарына сәйкес магистралдық газ құбырларының желісін басқарды (*1-ескерпне*). «Стратегиялық объектілерді иеліктен шығару туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 3 қазандағы № 733 Қаулысына сәйкес «ИОА» газ концессиясының активтерін қайта ресімдеумен байланысты іс-шараларды аяқтады. Тиісінше, бұл активтерге меншік құқығын атып алу мақсатында, «ИОА» «ҚазМұнайГаз»-дың пайдасына 207.407.350 мың теңге жалпы сомаға әрқайсысының номиналды құны 5.000 теңге болатын 41.481.470 артықшылықты акцияларды шығарды.

Артықшылықты акциялар белгіленген мерзімде немесе акцияларды ұстаушының талабы бойынша өтелуге жатпайды. Дегенмен, компания акцияларды ұстаушыға дивидендтердің кепілдік берілген мөлшерін төлеуге міндетті. Компания компанияның артықшылықты акцияларының орнына «ҚазМұнайГаз»-дың пайдасына жай акцияларды шығаруды жоспарлап отыр. Одан кейін, бұл артықшылықты акциялар жай акцияларға айырбасталады.

Бұл транзакция «ҚазМұнайГаз»-дан «ИОА»-ға құбырларға арналған құқықтарды берудің уақытша тетігі болып табылғандықтан, Компания «ҚазМұнайГаз»-дың «ИОА»-ға уақытша иелік етуіне қатысты азшылық үлесін мойындамады.

Бөлінбеген пайда*Әлеуметтік нысанды салу*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі өкіміне сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы шешімінің негізінде Топ Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының шеңберінде Түркістан қаласында әлеуметтік нысанның құрылысын келешекте қаржыландыруға қатысты 5.700.000 мың теңге мөлшерінде резервті мойындады (*17-ескерпне*). Резерв бөлінбеген пайда арқылы Акционермен болған басқа операциялар ретінде көрсетілді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

Мың теңгемен	Шығару	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	2019 жыл		2018 жыл	
				АҚШ Доллары	Мың теңгемен	АҚШ Доллары	Мың теңгемен
ҚТГ облигациялары	2017 жыл	2027 жыл	4,375%	750.000.000	286.942.500	750.000.000	288.150.000
ҚТГ Аймақ облигациялары	2015 жыл	2025 жыл	7,5%	-	5.000.000	-	5.000.000
				750.000.000	291.942.500	750.000.000	293.150.000
Плюсы: төленуге жататын пайыздар					3.406.541		3.420.482
Шегергенде: Мәмілелер бойынша амортизацияланбаған шығындар					(295.791)		(333.994)
Минусы: дисконт					(1.047.078)		(1.189.908)
Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома					(3.406.541)		(3.420.482)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар					290.599.631		291.626.098

2018 жылы «ҚТГ Аймақ» 8.616.746 мың теңге сомаға (2019 жылы: нөл) облигацияларды сатып алды.

15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсанға пайыздық қарыздар мынаны қамтыды:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар	143.856.540	158.986.260
Тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар	48.922.745	52.815.370
	192.779.285	211.801.630
Плюсы: төленуге жататын пайыздар	1.506.428	1.961.450
Минусы: мәмілелер бойынша амортизацияланбаған шығындар	(948.020)	(1.178.445)
	193.337.693	212.584.635
Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома	(24.519.363)	(31.105.703)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	168.818.330	181.478.932

Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар*Еуропалық қайта құру және даму банкі*

2016 жылғы 26 мамырдағы несиелік шартының талаптарына сәйкес, 2019 жылғы 18 қыркүйекте «ИОА» Еуропалық қайта құру және даму банкінен «Бозой» газ қоймасын жаңғыртуға 7.255.785 мың теңге (2018 жыл: 4.621.477 мың теңге) сомасына қосымша қаржыландыру алды. «ИОА» бұл қарызды алты айлық CPI (тұтыну бағаларының индексі) + жылдық 3,15% пайыздық мөлшерлемені және 100 базистік тармақтың құнымен 2019 жылғы желтоқсаннан бастап жиырма жеті тең тоқсан сайынғы төлемдермен өтейді.

2019 жылы «ИОА» 12.215.340 мың теңге мөлшерінде (2018 жыл: 11.657.766 мың теңге) несиелік келісімі бойынша берешектің негізгі сомасын төледі.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ИОА»-ның жоғарыда аталған несиелік шарты бойынша 53.375.464 мың теңге сомаға (2018 жыл: 58.335.019 мың теңге) Еуропалық қайта құру және даму банкіне кредиторлық берешектің негізгі сомасы бар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар (жалғасы)***Еуропалық қайта құру және даму банкі (жалғасы)*

2016 жылғы 24 қарашадағы несиелік келісіміне сәйкес, 2018 жылы «ҚТГ Аймақ» Еуропалық қайта құру және даму банкінен «Маңғыстау, Ақтөбе және Қостанай облыстарында газ құбыры жүйесін жаңғырту» жобасы үшін 10 жылға барынша несиелендіру мерзімімен 1.460.819 мың теңге мөлшерінде қосымша қаржыландыру алды (2019 жыл: нөл). Шартқа сай пайыздық мөлшерлеме алты айлық CPI + жылдық 3,15% және 100 базистік тармақ құнына тең болады. 2019 жылы «ҚТГ Аймақ» 2.148.165 мың теңге мөлшерінде (2018 жылы: 1.074.083 мың теңге) несиелік келісімі бойынша берешектің негізгі сомасын өтеді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТГ Аймақ»-тың жоғарыда аталған несиелік шарты бойынша 13.963.076 мың теңге сомаға (2018 жылы: 16.111.241 мың теңге) Еуропалық қайта құру және даму банкіне негізгі борыш сомасы бар.

«Société Générale» корпоративтік және инвестициялық-банктік қызмет көрсету бөлімшесі

2018 жылғы 16 сәуірдегі несиелік келісіміне сәйкес, 2018 жылғы 17 мамырда Компания «Société Générale»-дің корпоративтік және инвестициялық-банктік қызмет көрсету бөлімшесінен «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МҚ үш компрессорлық станцияны салу» жобасын ішінара қаржыландыруға 3 айлық ЛИБОР + жылдық 1,35% мөлшерлемесімен 65.832.000 мың теңге мөлшерінде (баламасы 200.000 мың АҚШ доллары) мөлшерінде қарыз алды. Бұл қарыз 2021 жылдың 16 сәуіріне дейінгі мерзімде өтелуі тиіс.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жоғарыда аталған несиелік шарты бойынша 76.518.000 мың теңге сомаға (2018 жылы: 76.840.000 мың теңге) «Société Générale»-дің корпоративтік және инвестициялық-банктік қызмет көрсету бөлімшесінің алдында кредиторлық берешектің негізгі сомасы бар.

Citibank N.A. Джерисдегі Филиал

2019 жылы «ИОА» Джерисдегі «Citibank N.A.» филиалынан жалпы корпоративтік мақсаттар үшін 1 айлық ЛИБОР + жылдық 2% мөлшерлеме бойынша 15.118.000 мың теңге сомаға (баламасы 40.000 мың АҚШ доллары) (2018 жыл: 27.172.800 мың теңге (баламасы 85.000 мың АҚШ доллары) қысқа мерзімді қарыз алды. 2019 жылы «ИОА» 15.094.400 мың теңге (баламасы 40.000 мың АҚШ доллары) (2018 жыл: 27.804.200 мың теңге (баламасы 85.000 мың АҚШ доллары) мөлшерінде несиелік келісімі бойынша негізгі соманы толығымен өтеді.

«Еуразиялық даму банкі»

2016 жылы «ҚТГ Аймақ» 2016 жылғы 15 қарашада «Ақтөбе облысының газды бөлу жүйесін жаңғырту» жобасы үшін жылдық екі + 4% бөлінген Қазақстанның Ұлттық Банкісінің базалық мөлшерлемесі бойынша 7.676.900 мың теңге сомаға жаңартылмайтын несиелік желісі туралы шартты жасап, қаражат тартты. Негізгі сома 2019 жылдың мамырынан бастап төленеді. 2019 жылы қарыз толығымен өтелді.

Тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар*Қазақстанның Даму Банкі*

«ҚТГ Аймақ» «Оңтүстік Қазақстанда, Таразда, Қызылордада, Ақтөбеде газ құбырларының жүйесін жаңғырту» және «Өзен-Жетібай газ құбырында резервтік желіні салу» жобалары үшін Қазақстанның Даму Банкімен жаңартылатын несиелік желілері туралы бірнеше шарт жасады. 2019 жылдың ішінде «ҚТГ Аймақ» 3.643.655 мың теңге (2018 жылы: 15.932.821 мың теңге) сомаға қосымша қаржыландыру алды. 2019 жылдың ішінде «ҚТГ Аймақ» 7.536.280 мың теңге (2018 жылы: 6.351.901 мың теңге) мөлшерінде негізгі соманы өтеді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТГ Аймақ»-тың жоғарыда аталған несиелік келісімдері бойынша 48.922.745 мың теңге сомаға (2018 жыл: 52.815.370 мың теңге) «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ алдында кредиторлық берешектің жалпы негізгі сомасы бар.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТГ» Қазақстанның Даму Банкімен, Еуропалық қайта құру және даму банкімен қарыз шарттары бойынша кепіл беруші ретінде болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Несие шартының талаптары**

Банк қарыздарының талаптарына сәйкес Топ белгілі бір талаптарды сақтауға міндетті. Топ әрбір есепті күнге несие шарты талаптарының сақталуын тексеріп отырады. Қаржылық міндеттемелердің орындалмауы кредиторларға қарыздардың мерзімінен бұрын өтелуін талап ету құқығын береді.

16. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан қарыздар мыналарды құрады:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Тіркелген пайыздық сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	14.881.897	40.203.697
	14.881.897	40.203.697
Плюсы: төленуге жататын пайыздар	183.047	1.220.537
Минусы: дисконт	(4.332.652)	(5.320.184)
	10.732.292	36.104.050
Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома	(183.047)	(26.198.509)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	10.549.245	9.905.541

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар

2017 жылғы 6 наурызда «ҚазМұнайГаз» ортақ корпоративтік мақсаттар үшін Топқа жылдық 5,0% пайыздық мөлшерлеменен 25.321.800 мың теңге сомаға қысқа мерзімді қаржыландыруды берді. 2019 жылдың ішінде негізгі борышты өтеу мерзімі 2019 жылғы 30 қарашаға дейін ұзартылды. Қарыз бойынша 1.339.820 мың теңге мөлшеріндегі тиісті дисконт қосымша төленген капитал ретінде көрсетілді (2018 жыл: 1.792.694 мың теңге) (*13-ескертпе*). 2019 жылы қарыз толығымен өтелді.

2013 жылғы 31 мамырда «ҚазМұнайГаз» Топқа «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральды газ құбырының құрылысын қаржыландыру үшін жылдық 5% мөлшерлемесі бойынша 458.728 мың теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қаржыландыру берді. Бұл қарыз 2018 жылдың 31 мамырына дейін төленуі тиіс. 2018 жылы қарыз толығымен өтелді.

2015 жылғы 10 желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» халықаралық банктер Синдикатынан алынған қарыздың өтелуін қаржыландыру үшін баламасы 400.000 мың АҚШ доллары болатын 123.648.000 мың теңге сомаға ұзақ мерзімді қарыз берді. Қарыздың жылына 2,88% пайыз мөлшерлемесімен 36 ай өтеу мерзімі бар. 2018 жылы қарыз 18.524.500 мың теңге сомаға толығымен өтелді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. РЕЗЕРВТЕР**

<i>Мың теңгемен</i>	Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв	Ұңғымаларды жою және кен орындарын қалпына келтіру бойынша резерв	Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв	Салықтар бойынша резервтер	Басқа резервтер	Жиыны
2017 жылғы						
31 желтоқсанға	24.291.288	1.882.591	49.792.367	100.771	237.339	76.304.356
Жыл ішінде есептелгені	-	-	-	195.074	10.596.800	10.791.874
Теріс бағамдық айырма	3.791.379	-	-	-	-	3.791.379
Бағалаудағы өзгеріс (4-ескертпе)	-	(124.482)	3.874.683	-	-	3.750.201
Дисконт амортизациясы	-	145.713	5.171.237	-	-	5.316.950
Қалпына келтірілгені	-	-	-	(22.242)	-	(22.242)
Пайдаланылды	-	-	-	(142.515)	(4.442.913)	(4.585.428)
2018 жылғы						
31 желтоқсанға	28.082.667	1.903.822	58.838.287	131.088	6.391.226	95.347.090
Жыл ішінде есептелгені	-	74.614	-	30.911	89.810	195.335
Оң бағамдық айырма	(117.681)	-	-	-	-	(117.681)
Бағалаудағы өзгеріс (4-ескертпе)	-	400.288	7.988.125	-	-	8.388.413
Дисконт амортизациясы	-	163.570	5.621.728	-	-	5.785.298
Қалпына келтірілгені	-	-	-	-	(10.401)	(10.401)
Пайдаланылды	-	-	-	(131.088)	(6.154.437)	(6.285.525)
2019 жылғы						
31 желтоқсанға	27.964.986	2.542.294	72.448.140	30.911	316.198	103.302.529
2019 жылғы						
31 желтоқсанға ағымдағы резервтер	27.964.986	-	-	30.911	304.496	28.300.393
2019 жылғы						
31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер	-	2.542.294	72.448.140	-	11.702	75.002.136
2018 жылғы						
31 желтоқсанға ағымдағы резервтер	28.082.667	-	-	131.088	6.368.635	34.582.390
2018 жылғы						
31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер	-	1.903.822	58.838.287	-	22.591	60.764.700

Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв «PetroChina International Co. Ltd»-ның газ қарызының шарты бойынша 73.094 мың АҚШ доллары сомасына (баламасы 27.964.986 мың теңге) (2018 жылы: 73.094 мың АҚШ доллары (баламасы 28.082.667 мың теңге) компанияның қарызға алынған газын тасымалдаумен байланысты шығыстарды өтеу резервін білдіреді.

2019 жылы 117.681 мың теңге мөлшеріндегі резервтер бойынша бағамдық айырма теріс бағамдық айырманың құрамында танылды (2018 жылы: теріс бағамдық айырма 3.791.379 мың теңге болды).

Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Топтың еншілес ұйымдары «ИОА» мен «ҚТГ Аймақ» «Магистральды газ құбырлары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дисконтталған негізде магистральды газ құбырларын пайдаланудан шығару бойынша келешек шығындар үшін резервті көрсетті (2-ескертпе). 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша 72.448.140 мың теңге (2018 жылы: 58.838.287 мың теңге) сомасындағы резерв 2021 жылдан бастап 2084 жылға дейінгі кезеңде болады деп күтілетін газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру шығындарының ағымдағы құнын білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)****Басқасы**

2018 жылы Топ «Бозой» жер асты қоймада сақтайтын газ көлемінен артық 415.777 мың текше метр газды сатты. Артық пайдаланудың нәтижесінде Топ 4.417.285 мың теңге жалпы сомаға қорларды қалпына келтіру үшін міндеттемені есептеді. 2018 жылы Топ «Бозой» жер асты қоймаға 415.777 мың текше метр газды қайтарып, тиісті резервті қысқартты.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Түркістан қаласында әлеуметтік нысанның құрылысын келешек қаржыландырумен байланысты 5.700.000 мың теңге мөлшерінде резервті мойындады (13-ескертіле). 2019 жылдың ішінде Топ 5.700.000 мың теңге жалпы сомаға әлеуметтік нысанның құрылысын қаржыландыру үшін ақша қаражатын аударды.

18. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Байланысты тараптардың алдындағы берешек (26-ескертіле)	173.649.759	119.222.945
Үшінші тараптардың алдындағы берешек	82.971.369	90.152.907
	256.621.128	209.375.852

Сауда және басқа да кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін және активтер мен қызметтер үшін берешекті білдіреді. Сауда және басқа да кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есеп айырысулар әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

31 желтоқсанға сауда және басқа да кредиторлық берешек келесі валюталарда деноминацияланған:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Теңге	237.471.993	178.443.065
АҚШ Доллары	12.566.599	19.263.810
Ресей рублі	6.511.040	11.651.821
Басқа валюталар	71.496	17.156
	256.621.128	209.375.852

19. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Газ қарыздары	5.587.811	5.611.326
Есептелген бонустар	5.563.566	4.437.577
Зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар	1.148.186	932.676
Келешек кезеңдердің кірістері: ағымдағы бөлік	497.208	474.928
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	182.904	-
Басқасы	1.239.417	1.620.069
	14.219.092	13.076.576

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «PetroChina International Company Limited»-тен қарызға алған табиғи газдың 104.323 мың текше метрін қайтару үшін газ қарызы бойынша міндеттемені мойындады (2018 жыл: 104.323 мың текше метр).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**20. ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР**

<i>Мың теңгемен</i>	Түсімді мойындау мерзімі	2019 жыл	2018 жыл
Тауарлардың немесе қызметтердің типі			
Газды сатудан түскен кірістер	Уақыт ішінде	876.311.596	771.410.192
Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер	Уақыт ішінде	209.631.266	140.431.452
Газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен түсім	Уақыт ішінде	16.381.148	8.261.270
Басқасы	Уақыт ішінде	750.979	1.076.686
		1.103.074.989	921.179.600
Географиялық нарықтар			
Қытай		583.227.670	400.434.292
Қазақстан		314.779.553	321.347.343
ТМД		205.067.766	199.397.965
		1.103.074.989	921.179.600

21. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Өткізілген газдың құны	476.182.653	316.995.801
Көлік шығыстары	274.838.081	223.177.683
Жалақы және тиісті аударымдар	46.333.275	43.108.857
Тозу және амортизация	37.516.146	33.888.466
Жағар газ және газдан айырылу	15.920.334	12.920.982
Табыс салығынан басқа салықтар	10.361.017	9.826.130
Биллинг қызметтері	6.393.989	5.793.250
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	4.469.281	4.038.931
Күзет қызметтері	3.041.943	2.700.726
Материалдар мен қорлар	1.679.550	1.061.752
Электр қуаты	1.527.914	2.262.522
Іссапар шығыстары	1.317.102	1.180.688
Байланыс шығыстары	1.065.998	926.034
Сақтандыру	701.256	578.802
Қаржы құралы бойынша ақы төлеу талаптарының өзгеруі	-	16.741.798
Басқасы	3.583.250	2.901.812
	884.931.789	678.104.234

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Жалақы және тиісті аударымдар	13.115.211	12.558.245
Салық бойынша резерв, нетто	9.916.642	182.794
Табыс салығынан басқа салықтар	6.285.196	3.513.654
Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясы	2.199.521	–
Кеңес беру қызметтері	2.096.183	1.987.165
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1.996.239	557.411
Тозу және амортизация	1.761.823	1.384.635
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	786.291	373.657
Іссапар шығыстары	406.454	448.787
Офисті ұстап тұру шығыстары	406.374	385.128
